

"Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер үшін әскери кадрлар даярлау туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 сәуірдегі N 292 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер үшін әскери кадрлар даярлау туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер үшін әскери кадрлар даярлау туралы келісімді бекіту туралы "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңының 15-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2005 жылғы 23 маусымда Мәскеу қаласында жасалған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер үшін әскери кадрлар даярлау туралы келісім **б е к і т і л с і н .**

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына
мүше мемлекеттер үшін әскери кадрлар даярлау туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттер, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының (бұдан әрі - Ұйым) мақсаттары мен қағидаттарын басшылыққа ала отырып, әскери кадрлар даярлау саласын Тараптар қарулы күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының өзара тиімді іс-қимылдарын қамтамасыз етудің және олардың арасындағы одақтастық қатынастарды дамытудың аса маңызды факторларының бірі деп санай отырып,

ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің көп жақты күштері мен құралдарының алдында тұрған талаптарға жауап беретін Тараптардың әскери кадрларын даярлау деңгейін қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде қолданылатын төменде келтірілген терминдер мынаны білдіреді:

"әскери оқу орны" - Тараптардың әскери кадрларын даярлау жүзеге асырылатын жоғары, орта және қосымша кәсіптік білім беретін білім беру мекемелері және әскери б ө л і м д е р ;

"жіберуші Тарап" - өзінің әскери қызметшілерін басқа Тараптардың әскери оқу орындарында даярлау үшін жіберетін Ұйымға мүше мемлекет;

"қабылдаушы Тарап" - басқа Тараптардың әскери қызметшілерін өзінің әскери оқу орындарында даярлау үшін қабылдайтын Ұйымға мүше мемлекет;

"беруші Тарап" - басқа Тарапқа оқу-әдістемелік құралдарды, оқу әдебиетін және оқу-материалдық базасының элементтерін беретін Ұйымға мүше мемлекет.

2-бап

Тараптардың мақсаты келісілген мамандықтар мен оқу бағдарламалары бойынша Ұйымға мүше мемлекеттердің қарулы күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары үшін әскери кадрлар даярлаудың бірыңғай жүйесін қалыптастыру және дамыту болып табылады.

3-бап

Әскери кадрларды даярлау жіберуші Тараптың қарулануындағы қолда бар қару-жарағы мен әскери техникасын, әскери іс-қимыл театрларының және ұйымдастыру-штаттық құрылымының ерекшеліктерін, сондай-ақ қабылдаушы Тараптың құпиялылық режимін, таралуы шектелген қызметтік ақпарат пен құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге байланысты шектеулерді ескере отырып, қабылдаушы Тараптың әскери қызметшілері үшін әзірленген бірыңғай оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша келісім-шарттар негізінде:

- а) қабылдаушы Тараптың әскери қызметшілерімен бірлесіп;
- б) әскери оқу орындарының арнайы факультеттерінде (бөлімшелерінде, топтарында) б ө л е к ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Қабылдаушы Тараптың құпия ақпаратын құрайтын мәліметтерді беру көзделетін бірлескен немесе бөлек даярлау Тараптардың 2004 жылғы 18 маусымдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберіндегі Құпия ақпараттардың сақталуын өзара

қамтамасыз ету туралы келісімді орындауы шартымен мүмкін болады.

Әскери кадрларды даярлау және оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету орыс тілінде жүзеге асырылады.

Жіберуші Тараптың әскери қызметшілерінің тұруы қабылдаушы Тарап белгілеген шарттарда және тәртіппен ұйымдастырылады.

4-бап

Д а я р л а у :

мемлекеттік білім беру стандартымен белгіленген мамандықтар бойынша әскери кадрларды - кәсіптік білім беретін білім беру мекемелерінде;

ғылыми-педагогикалық және ғылыми кадрларды - кәсіптік жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелерінде;

қару-жарак пен әскери техниканы әзірлеу, жасау, пайдалану, жауынгерлік қолдану, жөндеу, жаңғырту және оларға қызмет көрсету жөніндегі мамандарды - әскери бөлімдерде, сондай-ақ практикалық сабақтарды (оқу-жаттығулар мен атыстарды) өткізу кезінде, оның ішінде бір Тараптың мамандарын екінші Тараптың әскери бөлімдеріне іссапарға жіберу арқылы жүзеге асырылады.

5-бап

Әскери кадрларды даярлау ақылы негізде немесе қабылдаушы Тарап белгілейтін квота бойынша, жеңілдікті немесе өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Жеңілдікті негізде даярлау кезінде оқыту үшін шығыстар қабылдаушы Тараптың есебіне, ұстау үшін - жіберуші Тараптың есебіне жатқызылады.

Өтеусіз негізде даярлау кезінде оқыту және ұстау үшін шығыстар қабылдаушы Тараптың есебіне жатқызылады.

Әскери кадрларды даярлауды қамтамасыз етудің қаржылық және басқа да түрлері келісім-шарттар негізінде жүзеге асырылады.

6-бап

Жіберуші Тарап оқуға өтінімдерді қабылдаушы Тарапқа және Ұйымның Біріккен штабына оқу басталатын жылдың 15 қаңтарына дейін береді.

Қабылдаушы Тараптар оқу басталатын жылдың 15 мамырына дейін Ұйымның Біріккен штабы арқылы Ұйымға мүше мемлекеттерді әскери оқу орындарын, оқу мамандықтары мен әрбір мамандық бойынша берілетін орындардың санын көрсете отырып, оқуға қабылданатын әскери қызметшілердің, оның ішінде дайындықтың

жеңілдікті және өтеусіз квотасы бойынша саны туралы хабардар етеді.

Қабылдаушы Тараптар қажеттілігіне қарай оқуға үміткерлерді іріктеу бойынша ұсынымдарды (талаптарды) нақтылайды.

7-бап

Оқуға үміткерлерді іріктеуді және оларды медициналық куәландыруды қабылдаушы Тараптың әскери оқу орындарына қабылдау шарттарын және ұсынымдарын ескере отырып жіберуші Тарап жүргізеді.

Оқуға үміткерлер қабылдаушы Тараптың әскери қызметшілерімен бірге жіберуші Тараптың аумағында қабылдаушы Тарап өкілдерінің қатысуымен қажет болған кезде қабылданатын қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша әскери оқу орындарына қабылданады. Бұл ретте қабылдаушы Тарап өкілдерінің іссапарымен байланысты барлық шығыстар жіберуші Тараптың есебіне жатқызылады.

Қабылдаушы Тараптың оқуға қоятын талаптарына жауап бермейтін үміткерлер Тараптардың келісімі бойынша қабылдаушы Тараптың әскери қызметшілерімен бірге арнайы факультеттерде (бөлімшелерде, топтарда) оқуға жіберілуі мүмкін.

Арнайы факультеттердегі (бөлімшелердегі, топтардағы) оқу тәртібі келісім-шарттармен аяқындалады.

Қабылдаушы Тарап өткізетін медициналық тексерудің және тестілеудің нәтижелері бойынша нақты әскери мамандық бойынша оқуға жарамсыз деп танылған үміткерлер Тараптардың келісімі бойынша басқа әскери оқу орындарына, басқа мамандықтарға жіберілуі немесе жіберуші Тараптың қарауына іссапарға жіберілуі мүмкін.

Қажет болған кезде Тараптардың келісімі бойынша жіберуші Тараптың әскери қызметшілері үшін орыс тілін және жалпы білім беру пәндерін қосымша зерделеуге арналған дайындық курстары ұйымдастырылуы мүмкін.

8-бап

Жіберуші Тараптың әскери қызметшілері оқу уақытында қабылдаушы Тараптың заңнамасымен жол берілетін шекте гарнизондық, қарауылдық және ішкі қызметті өткеруге тартылуы мүмкін.

9-бап

Осы Келісімге қол қойылғанға дейін оқуға түскен әскери қызметшілерге Тараптардың әскери оқу орындарында бұрын жасалған келісім-шарттардың талаптарында оқуын жалғастыру және аяқтау құқығы беріледі.

10-бап

Тараптар қабылдаушы Тараптың әскери оқу орындарын бітіргені және ғылыми дәреже берілгені туралы құжаттарының баламалығын өзара негізде мойындайды.

11-бап

Тараптар әскери кадрлар даярлау жөніндегі ұлттық әскери оқу орындарын дамытуға
ө з а р а к ө м е к к ө р с е т е д і .

Осы мақсаттарда оқу-әдістемелік құралдарды, оқу әдебиеті мен оқу-материалдық базаның элементтерін (макеттерді, стендтерді, тренажерларды және т.б.) беру қабылдаушы Тараптың өз қажеттіліктері үшін арналған тарифтері бойынша не қалдық құны бойынша ақылы негізде жүзеге асырылады.

Беру тәртібі беруші Тараптың заңнамасына сәйкес айқындалады.

12-бап

Бір Тараптың мамандарын екінші Тараптың әскери оқу орындарында сабақ беру үшін жіберу келісім-шарттар негізінде жүзеге асырылады.

13-бап

Әскери кадрларды даярлаудың ерекшеліктеріне байланысты және осы Келісімде көзделмеген мәселелер келісім-шарттарда келісіледі.

14-бап

Тараптардың осы Келісім бойынша міндеттемелері Тараптардың олар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерін қозғамайды.

15-бап

Осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің 17-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

16-бап

Осы Келісімді қолдануға және түсіндіруге байланысты даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялары және келіссөздері жолымен шешіледі.

17-бап

Осы Келісім депозитарийдің оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы төртінші жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді. Қажетті мемлекетішілік рәсімдерді кешіктіріп орындаған Тарап үшін осы Келісім депозитарийге тиісті жазбаша хабарлама тапсырылған күнінен бастап күшіне енеді.

18-бап

Әрбір Тарап шығу күніне дейін 6 айдан кешіктірмей осы Келісімнің қолданысы уақытында туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерді реттей отырып, депозитарийге жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Келісімнен шыға алады.

2005 жылғы 23 маусымда Мәскеу қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқа данада жасалды. Осы Келісімнің түпнұсқа данасы осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Хатшылығында сақталады.

Армения Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін